

**«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ**

Бекітемін

Ғұмарбек Дәукеев атындағы
«Алматы энергетика және
байланыс университеті» КеАҚ
ректоры

Ғ.С. Нығымбетов

« »

2025 ж.



8D071 «Инженерия және инженерлік іс» («Электр энергетика», «Жылу
энергетика») бағыты бойынша

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

Алматы 2025 ж.

Келісу парағы

Ереже келісілді:


Ғылым жөніндегі проректор

Алипбаев К.А. 
« 20 » 03 2025 ж.

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Достияров А.М. 
« 20 » 03 2025 ж.

Комплаенс-қызметінің бас маманы

Аденов А.Е. 
« 20 » 03 2025 ж.

Заң департаментінің директоры

Мураткан Г. 
« 20 » 03 2025 ж.

Әзірлеген:

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

Бегимбетова А.С. 
« 20 » 03 2025 ж.

Мазмұны

Құжат төлқұжаты.....	3
Келісу парағы.....	4
1. Нормативтік сілтемелер.....	5
2. Диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру	5
3. Диссертациялық кеңестің және кеңес мүшелерінің функциялары	7
4. Апелляцияны өткізу тәртібі	18
5. Диссертациялық кеңестің жұмысын ұйымдастыруды ресурстық және қаржылық қамтамасыз ету	19
6. Ерекше шарттар.....	19
1-қосымша.....	21
2-қосымша.....	22
3-қосымша.....	24
4-қосымша.....	25
5-қосымша.....	29
6-қосымша.....	30
7-қосымша.....	32

Құжат төлқұжаты	
Құжат түрі	Ұйымдастырушылық құжаттама
Құжаттың атауы	Диссертациялық кеңес туралы ереже
Құжаттың мақсаты	Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруге арналған докторлық диссертацияларды қорғаудың жалпы тәртібін регламенттейді
Өзірлеген	Диссертациялық кеңес
Келісілген	Ғылым жөніндегі проректор Диссертациялық кеңестің төрағасы Комплаенс-қызметінің бас маманы Заң департаментінің директоры
Бекіткен	Ректор
Орындалуын бақылаушы	Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы
Ерекшеліктер	Жоқ
Нормативтік сілтемелер	«Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 29 сәуірде № 6929 болып тіркелді. «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 13 мамырда № 6951 болып тіркелді.
Түпнұсқа иесі	Комплаенс-қызметі

1. Нормативтік сілтемелер

1.1. «8D071 «Инженерия және инженерлік іс» («Электр энергетика», «Жылу энергетика») бағыты бойынша диссертациялық кеңес туралы осы ереже әзірленіп, диссертациялық кеңестің жұмыс істеу тәртібін келесі құжаттардың талаптары мен ұсынымдарына сәйкес белгілейді:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген «Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы»;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 7 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген «Дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы».

1.2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) **диссертациялық кеңес** – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ (бұдан әрі-АЭЖБУ КеАҚ) жанындағы алқалы орган;

2) **философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор** – ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған тұлғаларға берілетін дәрежелер.

1.3. Диссертациялық кеңес:

- ұсынылған диссертациялардың «Дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы» құжатта белгіленген критерийлерге сәйкестігін айқындайды;

- философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін береді;

- диссертациялық кеңестің жұмысына талдау жүргізеді және есеп береді;

- осы Ережеде белгіленген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

1.4. Диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыстарды қорғау бойынша қабылданатын шешімдердің сапасы, объективтілігі мен негізділігі үшін жауап береді.

2. Диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру

2.1. Диссертациялық кеңес 3 (үш) күнтізбелік жылға құрылады және докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша жұмыс істейді:

1) докторантура бағдарламасы бойынша білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалар;

2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 22-бабының 2-тармағына сәйкес соңғы 3 (үш) жыл ішінде жоғары оқу орнынан

кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімінде докторантураның білім беру бағдарламаларын;

3) Министрлік туралы Ереженің 15-тармағының 21) тармақшасына сәйкес кемінде 3 (үш) жыл мерзіммен аккредиттелген және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген докторантураның білім беру бағдарламаларын;

4) соңғы 3 (үш) жыл ішінде Министрлік туралы Ереженің 15-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бөлінген 1 (бірінші), 2 (екінші) және 3 (үшінші) оқу жылына даярлау бағыты бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылар контингентінің болуы.

2.2. Диссертациялық кеңес төрағадан, төрағаның орынбасарынан, ғылыми хатшыдан және кеңес мүшелерінен тұрады. Диссертациялық кеңес 7 (жеті) адамнан аспайды. Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінің ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі болады.

2.3. Диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі басқа ЖЖОКББҰ, ғылыми және (немесе) басқа ұйымдардың өкілдері болып табылады.

2.4. Диссертациялық кеңестің құрамында 4 (төрт) мүше тұрақты мүшелер болып табылады, оның ішінде диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғылыми хатшысы тұрақты мүшелер болып табылады.

2.5. Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесі докторлық зерттеу саласына байланысты докторантты қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

2.6. Ғылыми консультанттар, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми консультантымен үлестес тұлғалар диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері болып тағайындалмайды:

1) жақын туыстары-ата-аналары, балалары, асырап алушылары (қыз асырап алушылары), асырап алынғандары, ағалы-інілілері мен апалы-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері, күйеуі немесе әйелі, жекжаттары;

2) докторант немесе ғылыми консультант олардан қаржы немесе өзге де ресурстар алуды көздейтін еңбек немесе өзге де қатынастарда тұратын ұйымдардың қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірлесіп жарияланған мақалалар мен шолулардың бірлескен авторлары;

4) соңғы 3 (үш) жыл ішінде диссертация мазмұны комитетінің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензиялаушылар болған мамандар.

2.7. Келесі тұлғалар диссертациялық кеңестің құрамына кірмейді:

1) диссертациялық кеңесті құрған университет ректоры;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 (бес) жыл ішінде диссертация мазмұны комитетінің теріс шешімін алған ғылыми консультанттар, диссертация жетекшілері болған мамандар.

2.8. Диссертациялық кеңес мүшелерінің бірі – шетелдік ғалым.

2.9. Диссертациялық кеңестің кемінде 4 (төрт) мүшесінің Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе соңғы 5 (бес) жыл ішінде кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Scopus (Скопус) дерекқорында CiteScore (СайтСкор) бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентиль көрсеткіші бар рецензияланған халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары болады.

2.10. Тұрақты құрам және ондағы өзгерістер, сондай-ақ Кеңестің төрағасы, төрағасының орынбасары және ғылыми хатшысы Университеттің ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

2.11. Университет мыналарды қамтамасыз етеді:

1) диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізу және диссертацияларды жария қорғау үшін, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды қолдану арқылы қажетті жағдайлар;

2) диссертацияларды шеттен алып пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық дерекқор бойынша тексеру;

3) диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығыстарын өтеу.

3. Диссертациялық кеңестің және кеңес мүшелерінің функциялары

3.1. Диссертациялық кеңестің функциялары:

1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;

2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензиялаушыларды тағайындау;

3) докторанттың кірме материалды авторға және шеттен алып пайдалану көзіне (плагиатқа) сілтеме жасамай пайдалануына диссертацияны тексеру үшін диссертациялық кеңес мүшелері қатарынан комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңес комиссиясы) құру;

4) диссертацияны көпшілік алдында қорғауды жүргізу;

5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

3.2. Диссертациялық кеңестің төрағасы:

- диссертациялық кеңестің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

- диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізеді;

- белгіленген талаптарға сәйкес диссертацияны қорғауды жүргізу құқықтылығының сақталуын қамтамасыз етеді;

- диссертациялық кеңестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты.

3.3. Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары, егер диссертациялық кеңестің төрағасы қорғалатын диссертация бойынша ғылыми кеңесші болып табылса, сондай-ақ диссертациялық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда, кеңес отырысын өткізу жөніндегі диссертациялық кеңес төрағасының функцияларын орындайды.

3.4. Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысының функциялары:

1) диссертацияны қорғауға қабылдау және қорғау рәсімдерін ұйымдастыру;

2) диссертацияны "Антиплагиат" жүйесі бойынша тексеруге, ЖЖОКББҰ кітапханасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына, ресми рецензиялаушыларға жолдау;

3) диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабарларды жіберу;

4) диссертациялық кеңестің сайтында материалдар мен ақпаратты орналастыру;

5) диссертациялық кеңестің отырысын, оның ішінде бағдарламалық және техникалық құралдарды дайындау;

6) диссертациялық кеңестің құжаттарын рәсімдеу;

7) Комитетке жіберу үшін құжаттар пакетін дайындау.

Хат-хабар ғылыми хатшының ресми корпоративтік поштасынан жіберіледі. Ғылыми хатшының міндеттерін өзге тұлғаларға, оның ішінде докторантқа жүктеуге жол берілмейді.

3.5. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

1) объективті, толық және расталған мәлімет береді;

2) диссертацияны қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;

3) ғылыми этиканы бұзу фактілеріне орай әрекет етеді;

4) шешім қабылдау кезінде қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тұлғалардың ықпалынан тәуелсіз;

5) мүдделер қайшылығының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қолданады;

6) қызмет үдерісінде басқа кеңес мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми консультанттардың және ресми рецензиялаушылардың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздер, айыптаулар қолданбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптарды сақтамау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

3.6. Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін диссертациялық кеңес осы ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есепті Комитетке ұсынады.

3.7. Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген дәрежелерді беру қағидаларының 5-1-тармағының талаптарына сәйкес докторант ұсынған диссертацияны диссертациялық жұмыс немесе докторант жариялаған мақалалар сериясы түрінде қорғауды жүргізеді.

3.8. Докторант оқудан өткен ЖЖОКББҰ қорғауға құжаттарды қабылдағанға дейін диссертацияны бейінді бөлімшенің немесе ЖЖОКББҰ құрылымдық бөлімшесінің ғылыми (академиялық) кеңесінің кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) алдын ала талқылауды жүргізеді.

3.9. Кеңейтілген отырыс өткізілгенге дейін 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеулері саласында (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға сын пікірге жіберіледі.

3.10. Кеңейтілген отырысқа бейінді (құрылымдық) бөлімше мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі), рецензиялаушылар, құрылымдық бөлімшенің ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми консультанттар, сондай-ақ университеттің байланысты кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа ұйымдардың өкілдері, практик мамандар (диссертациялар үшін, қолданбалы сипаты бар) қатысады. Диссертацияны қорғауға ұсыну туралы шешім жай дауыстардың көпшілігімен қабылданады. Егер диссертация Дәрежелер беру қағидаларының 4, 5 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация қорғауға жіберілмейді.

Егер докторант ескертулермен келіссе, олар диссертациялық кеңеске диссертацияны тапсыруға дейін жойылады.

Консультанттар болмаған кезде олардың отырыста докторанттың диссертациясы бойынша пікірлерін төрағалық етуші немесе хатшы оқып береді.

3.11. Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант оқу орны бойынша ЖЖОКББҰ басшысына өзі қорғайтын диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді.

3.12. Егер докторант басқа ЖЖОКББҰ-ның диссертациялық кеңесін көрсетсе, онда докторанттың оқу орны бойынша ЖЖОКББҰ 10 (он) жұмыс күні ішінде оның құжаттарын диссертациялық кеңеске жібереді. Қорғау үшін докторант таңдаған АЭжБУ КеАҚ-та дербес бекітілген тәртіппен кеңейтілген отырыс өткізуге жол беріледі.

3.13. Диссертациялық кеңеске келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері;
- 2) кеңейтілген отырыстың оң қорытындысы;
- 3) қатты мұқабада және электрондық тасымалдағыштағы диссертациялық жұмыс (егер диссертация диссертациялық жұмыс түрінде қорғалған жағдайда);
- 4) қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотациялар. Аннотацияда диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға шығарылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа қорытындылар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы сипатталады;
- 5) ғылыми еңбектердің тізімі және олардың көшірмелері;
- 6) докторант оқыған ЖЖОКББҰ этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен амандығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату үдерісінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы.

Диссертациялық жұмыс қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

3.14. Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы жоғарыда көрсетілген құжаттарды тіркейді және 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оларды диссертациялық кеңеске ұсынады.

3.15. Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы осы ереженің 2.2-2.6 тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.

3.16. Диссертациялық кеңес құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертацияны қорғау күнін айқындайды және (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) ресми рецензиялаушыларды тағайындайды. **Рецензиялаушыларда докторанттың зерттеу саласында Комитет басылымдарының тізбесіне және/немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) немесе Scopus (Скопус) дерекқорларына енгізілген журналдарда және/немесе шетелдік рецензияланған**

басылымдарда 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монография (жеке дара жазылған) бар.

3.17. Қорғау күні қорғау күні тағайындалған күннен бастап 3 (үш) айдан аспайды. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттардың құжаттарының түсу кезектілігі сақталады.

3.18. Ресми рецензиялаушыларды тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензиялаушылардың, ғылыми консультанттардың бір-бірінен тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алады.

Ресми рецензиялаушылар ретінде келесі тұлғалар тағайындалмайды:

1) Комитет қызметкерлері;
2) диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстар бойынша докторанттың бірлескен авторлары;

3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін ЖЖОКББҰ және (немесе) ғылыми ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері;

4) соңғы 3 (үш) жыл ішінде диссертация мазмұны комитетінің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензиялаушылар болған мамандар;

5) жақын туысқандар-ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар (қыз асырап алушылар), асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілер, ата, әже, немерелер.

3.19. Диссертациялық кеңес Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңес қызметі туралы мынадай материалдарды (мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа) орналастырады:

1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензиялаушылар туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын тұрақты негізде қолжетімді) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;

2) диссертацияны (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша негізгі бетте тиісті белгілері бар оның барлық пысықталған нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);

3) қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотациялар (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын), аннотациялардың көлемін ЖЖОКББҰ дербес айқындайды;

4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

5) қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы қолжетімді ғылыми консультанттардың пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

6) ресми рецензиялаушылардың пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын);

7) қорғаудың толық көлемдегі бейнежазбасы, монтаждауға жол берілмейді (қорғалғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғалғаннан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы қолжетімді);

8) диссертациялық жұмысты түзеуге, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы диссертациялық кеңестің қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы қолжетімді);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (бар болса) шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылданғаннан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы қолжетімді;

10) осы ережеге 2-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) қорғауды өткізу күнін, уақытын, орнын өзгерту туралы және ресми рецензиялаушыларды (бар болса) ауыстыру туралы хабарландыру;

12) диссертациялық кеңестің құрамы және диссертациялық кеңестің қызмет тәртібі туралы ақпарат;

13) шеттен алып пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйесінің, оның ішінде қолданылу мерзімдерін көрсете отырып, халықаралық дерекқорлар бойынша болуы туралы ақпарат;

14) докторант оқыған ЖЖОКББҰ этикалық комиссиясының (осы ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен амандығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату үдерісінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы;

15) диссертациялық кеңестің отырысын бейнеконференция нысанында online (онлайн) өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат.

3.20. Диссертациялық жұмыс АЭЖБУ КеАҚ интернет-ресурсында орналастырылғаннан және/немесе диссертация қабылданғаннан кейін (мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалған жағдайда) ондағы өзгерістерге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс түзетуге қайтарылған жағдайда оның соңғы нұсқасы "Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы" деген белгімен философия

докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін АЭЖБУ КеАҚ интернет-ресурсында орналастырылады.

АЭЖБУ КеАҚ интернет-ресурсында диссертацияның мазмұны бойынша бейресми пікірлерді одан әрі қорғауда ұсына отырып орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Авторлықты белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық мекен-жайы жоқ бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

3.21. Диссертациялық кеңес алдағы қорғау туралы хабарламаны қорғауға қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жібереді, сондай-ақ келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитеттің интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа).

3.22. Диссертацияның қағаз нұсқасы және (немесе) электрондық тасымалдағыштағы данасы АЭЖБУ КеАҚ кітапханасына беріледі. Диссертацияны қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы диссертацияның электрондық тасымалдағыштағы даналарын (мемлекеттік құпиялар мен қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа) Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына тапсырады.

3.23. Ресми рецензиялаушылар диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске осы ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша пікірлер ұсынады.

Диссертацияны мақалалар сериясы түрінде қорғаған жағдайда, ресми рецензиялаушылар зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың әрбір мақаласының ғылыми деңгейіне түсінік береді. Егер мақаланың мазмұнының 2/3 (үштен екісі) немесе одан да көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысты болмаса, ресми рецензиялаушы оны есепке алмайды.

Ресми рецензиялаушылар пікірлерде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш білдіру;

2) егер диссертация Ережелердің 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмеген және (немесе) Ережелердің 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (Академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келген және (немесе) оған түзетуді талап ететін ескертулер болған жағдайда, диссертацияны түзетуге жіберу. Диссертация мақалалар сериясы түрінде қорғалған жағдайда диссертация түзетуге жіберілмейді;

3) Академиялық адалдық қағидатын бұзған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік және растық қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензиялаушылардың пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғалғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

Ресми рецензиялаушыларды ауыстыру жазбаша бас тартылған немесе рецензиялауды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда жүргізіледі. Егер ресми рецензиялаушыны ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен аз уақытта қабылданса, онда қорғау күні кейінге қалдырылады.

3.24. Ресми рецензиялаушылардың пікірлерінде және АЭЖБУ КеАҚ интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерде ҰМҒТСО анықтамасында көрсетілген плагиат фактілері болған кезде Диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексеруді жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертация қорғалғанға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей диссертациялық кеңеске ұсынылады.

3.25. Диссертациялық кеңес Диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Диссертациялық кеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат ЖЖОКБҰ-ның интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау жағдайларын қоспағанда).

Докторанттың өзінің диссертациясын қорғауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

3.26. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда диссертацияны қарау кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау төраға орынбасарына, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен оның мүшелеріне жүктеледі.

Төраға, төраға орынбасары мен ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

3.27. Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының толық көлемде бейнежазбаға түсірілуін қамтамасыз етеді, монтажға жол берілмейді.

3.28. Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқанда заңды болып саналады.

Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы – міндетті.

Диссертациялық кеңес мүшелері және ресми рецензенттер қорғауға бейнеконференция байланысы қатыса алады.

Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өтеді. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалатын жағдайда диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің бейнеконференция байланысы арқылы қатысуына, сондай-ақ интернетте трансляциялауға жол берілмейді.

Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация қолданбалы сипатта болса).

Диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция байланысы арқылы өтетіні туралы электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.

Диссертациялық кеңес отырысты бейнеконференция байланысы арқылы өткізгенде:

- отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;
- интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің үздіксіз бейне- және аудио трансляциясы;
- отырыстың бейне- және аудиожазбасы;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

3.29. Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

- 1) Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда ғана);
- 3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;
- 4) Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін ұсыныс жасаудан бас тарту.

Егер түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болса, диссертациялық жұмыс пысықтауға жіберіледі. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі.

Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

3.30. Докторанттың ғылым консультанты, тікелей жетекшісі немесе жақын туысы болып есептелетін диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

3.31. Қайта қорғауға жіберу не философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Ереженің, Қағиданың қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан 6 айдан кем емес уақыт өткенде осы Ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

3.32. Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация ҰМҒТСО-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы Ереженің 28-тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Қарапайым көпшілік дауыспен талқыланғаннан кейін жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

3.33. Диссертациялық кеңесінің ғалым хатшысы диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғалғаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды, ол Комитетке күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жіберіледі. Докторанттың аттестаттау ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) диссертацияның ҰМҒТСО-ға жіберілген күні көрсетіле отырып, диссертациялық кеңес төрағасының қол қоюымен диссертациялық кеңес құрылған ЖЖОКБҰ бланкісінде ілеспе қолдаухаты (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа);

2) электронды тасымалдағыштағы диссертация. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертация қағаз тасымалдағышта беріледі;

3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері;

4) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) ҰМҒТСО-ның диссертацияны плагиатқа тексергені туралы анықтамасы. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертация бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оқу орындарындағы және (немесе) ғылыми ұйымдардағы комиссияның диссертацияны плагиатқа тексергені туралы анықтамасы ұсынылады;

6) осы Ереженің 5-қосымшасындағы нысанға сәйкес диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы;

7) диссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау бойынша (қажет болғанда) диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы;

8) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергені туралы транскриптің көшірмесі;

9) осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәлімет.

1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке "пдф (pdf)" файлы форматында сканерленген түрде ұсынылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын аттестаттау істерінен басқа).

4. Апелляция өткізу тәртібі

4.1. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляция диссертация қорғалған АЭЖБУ-да шешім қабылданған күннен бастап докторант тарапынан 2 (екі) ай ішінде еркін түрде беріледі.

4.2. Соңғы шешім қабылдау үшін апелляциялық комиссияның оң қорытындысы және диссертация күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде Комитетке жіберіледі. Апелляциялық комиссияның шешімі оны қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және АЭЖБУ-дың интернет-ресурсына орналастырылады.

Доктор философиясы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежелерін беру мәселелері бойынша дауларды сотқа дейін реттеу үшін апелляция берген күннен бастап құрамында екі университет өкілі мен тиісті мамандық бойынша үш ғалым кіретін апелляциялық комиссия құрылады. Бұл ғалымдар ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, диссертациялық кеңес мүшелері немесе диссертация бойынша сарапшылар болмауы тиіс. Апелляциялық комиссия құрамына төраға мен хатшы тағайындалады.

4.3. Апелляциялық комиссия өз қызметінде осы Ережені және Дәреже беру қағидаларын басшылыққа алады. Комиссия аттестациялық істің материалдарын қарайды және апелляция нәтижелері бойынша қорытындыны құрылған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде дайындайды.

4.4. Апелляциялық комиссияның қорытындысы комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі негізінде, қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады және оған комиссия мүшелерінің барлығы қол қояды. Дауыс тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.5. Апелляциялық комиссия отырысына комиссия төрағасын қоса алғанда, бес мүшенің кемінде төрттеуі қатысқан жағдайда апелляциялық комиссияның шешімі жарамды деп есептеледі.

4.6. Апелляциялық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде апелляция берген докторантқа немесе ғылыми

кеңесшіге хабарланады және АЭЖБУ КеАҚ-тың интернет-ресурсында жарияланады.

4.7. Осы Ережемен реттелмейтін, оның ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беруден, апелляцияға беру мерзімін қалпына келтіруден бас тарту мәселелері бойынша даулар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібінде шешіледі.

5. Дессертациялық кеңес жұмысын ұйымдастыруды ресурстық және қаржылық қамтамасыз ету

5.1. Диссертациялық кеңестің тұрақты және уақытша мүшелеріне, сондай-ақ рецензенттерге төлем әр тоқсан сайын диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы ұсынған орындалған жұмыстар актілері негізінде АЭЖБУ КеАҚ-тың Қаржы және есеп департаментіне сәйкес жүргізіледі. Төлем мөлшері АЭЖБУ КеАҚ-тың ішкі құжаттарымен бекітіледі.

6. Ерекше шарттар

6.1. Докторантураның білім беру бағдарламасы бойынша теориялық оқытудың толық курсын меңгерген, ғылыми-зерттеу және (немесе) эксперименталды-зерттеу жұмыстарын орындаған, бірақ докторлық диссертациясын қорғамаған докторанттың оқу нәтижелері мен академиялық кредиттері сақталады. Оған диссертацияны тегін негізде қорғау мүмкіндігі бітіру күнінен бастап екі жыл ішінде бір рет беріледі, ал келесі жылдары кемінде 12 (он екі) академиялық кредит көлемінде ақылы негізде жүзеге асырылады.

Бұл ретте бітіру күнінен бастап 3 (үш) жыл өткен соң, докторант диссертациялық зерттеуінің ғылыми негіздемесін (research proposal) қайта бекіткеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі. Докторантурада оқытудың 1 (бір) кредитінің құны АЭЖБУ КеАҚ ректорының бұйрығымен белгіленеді.

Диссертациялық кеңес мүшелеріне үміткерлер туралы ақпарат

№ р/с	Толық аты-жөні (мемлекеттік немесе орыс және ағылшын тілдерінде)	Дәрежесі, ғылыми атағы	Негізгі жұмыс орны	Азаматтығы	Web of science (Вэб оф Сайнс) немесе Scopus (Скопус) ақпараттық базаларының деректері бойынша Хирш индексі	Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда жарияланымдар	Басылымдар тізбесіндегі журналдағы жарияланымдар
1	2	3	4	5	6	7	8

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

_____ жанындағы
(ЖОО-ның атауы) _____ кадрларды даярлау

бағыты бойынша диссертациялық кеңес.

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда).
3. Белім беру мекеесі көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;
2) диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізілу деңгейін талдау.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің төрағасы

_____ (қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

_____ (қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр, күні 20__ жыл " ____ " _____

Әдеп комиссиясының қорытындысы

ЖОО-ның атауы

1.	Докторанттың аты-жөні	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту күні	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – аты-жөні, жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу нысаны	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет.
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет.
9.	Зерттеу нысандарының (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Әдеп комиссиясының төрағасы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Әдеп комиссиясының хатшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№ p/c	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертудерді курсивпен ерекшелеу керек)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаны бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелерінің логикалық байланысы бар: 1) толық байланыс бар; 2) ішінара байланыс бар; 3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	

		1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) ағымдағы тұжырымдамада ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымдамада ереженің тривиалдығын тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымдамада ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) ағымдағы тұжырымдамада ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымдамада ереженің дәлелдігін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ақпараттың дәйектілігі ұсынылған	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		
12.	Зерттеу тақырыбы бойынша докторант мақалаларының ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы түрінде қорғалған жағдайда, ресми рецензенттер зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың әрбір мақаласының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес)		

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы

20__ жылғы " __ " _____ диссертациялық кеңестің отырысы,
№ _____ хаттама

Докторант _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

_____ кадрларды даярлау бағыты
бойынша диссертациясын қорғауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым
хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))



Докторант туралы мәлімет

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

1	Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты	
2	Докторантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оқу мерзімі)	
3	Докторантура мамандығы	
4	Диссертация қорғалған орны және күні	
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі	
6	Ғылыми консультанттар (толық аты-жөні, лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
7	Ресми рецензенттер (толық аты-жөні, лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:	
	Басылымдар тізбесіндегі басылымдарда	
	Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетелдік басылымда	
	халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде:	
	шетелдік конференция материалдарында	
9	Еңбек жолы	
Мерзімі		Жұмыс орны, лауазымы
Қабылдау		Мекеменің мекенжайы
Босату		
10	Мекенжайы, байланыс деректері	

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр, күні " __ " _____ 20__ жыл



Докторант туралы мәлімет

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

1	Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты	
2	Докторантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оқу мерзімі)	
3	Докторантура мамандығы	
4	Диссертация қорғалған орны және күні	
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі	
6	Ғылыми консультанттар (толық аты-жөні, лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
7	Ресми рецензенттер (толық аты-жөні, лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:	
	Басылымдар тізбесіндегі басылымдарда	
	Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетелдік басылымда	
	халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде:	
	шетелдік конференция материалдарында	
9	Еңбек жолы	
Мерзімі		Жұмыс орны, лауазымы
Қабылдау		Мекеменің мекенжайы
Босату		
10	Мекенжайы, байланыс деректері	

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр, күні " __ " _____ 20__ жыл

Танысу паразы

[illegible]